

ӘОЖ 340.141 (574)

Д.А. Турашбекова

Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы
з.ғ.к., доцент, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail. Dari_03@mail.ru

Әбілқайырдың саяси-құқықтық миссиясы

Аталмыш мақалада мемлекет қайраткері – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өмір сүрген заманның саяси хал-ахуалы ғылыми сомдала келе, көрші мемлекеттермен әскери, мәмілегерлік, құқықтық қарым-қатынастары баяндалады.

Түйін сөздер: әскери-мәмілегерлік қарым-қатынастар, саяси-құқықтық хал-ахуал, әскери қасиеттер, мәмілегерлік қызмет, саяси таңдау.

D.A. Turashbekova

Legal-political mission Abulhair

This article describes the political situation during the era of statesman - Little Horde Abulhair Khan, as well as military, diplomatic, legal relationship with neighboring countries.

Keywords: military and diplomatic relations, political and legal status, military qualities, diplomatic activity, political choice.

Д.А. Турашбекова

Политико-правовая миссия Абулхайра

В данной статье излагается политическое положение во времена эпохи государственного деятеля – хана Младшего жуза Абулхайра, а так же описываются военные, дипломатические, правовые взаимоотношения с соседними государствами.

Ключевые слова: военно-дипломатические взаимоотношения, политико-правовое положение, военные качества, дипломатическая деятельность, политический выбор.

Мақаланың ғылыми мақсаты – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың саяси-құқықтық және әскери-мәмілегерлік іс-әрекеттерін ғылыми сомдау, ханның мемлекеттік қайраткерлік қызметінің бейнесін талдау.

Әбілқайыр өмір сүрген заманның саяси-экономикалық хал ахуалының қиын жағдайда болғаны бізге мәлім. Қазақ даласына қай кезде де дұшпан көздің сұғы көп қадалған. XVIII ғасырдың басынан бері қарай Қазақстанның сыртқы саяси жағдайы күрт шиеленісіп кетті. Батыс жақтан Орал казактары қолтығына су бүріккен Еділ қалмақтары шабуылдай бастады. Жайық бойындағы ел шалғынға башқұрттар таласуын қоймады.

Осы тұста Қытайдың Орталық Азияға сұғына кіруі де өрістей түсті. Сол кездегі Қазақстанның екі империяның арасында қалған қиын халін Мағжан Жұмабаев:

Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ,
Арты – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарды Алаш енді қайда бармақ?! – деп

күйзеле суреттеген болатын» [1, 9-12 бб.].

Осындай ауыр жағдайдан шығудың дұрыс жолы Кіші жүз ханы Әбілқайырдың дипломатиялық көзқарасы бойынша Ресей мемлекетінің бодандығын қабылдау болды.

Тарих арнасының ақиқат шындығына кеңірек тоқталсақ. XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамының саяси жағдайы аса ауыр халде болатын. Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайының әлсіреуіне ықпал еткен мән-жайлар – көршілес елдердің қазақ халқының жеріне көз алартуы еді.

1726 жылы Ордабасында халық съездіне жиналған хандар, сұлтандар, билер мен

батырлардың тегіс бір пікірмен Әбілқайыр ханды халық жасағының бас қолбасшысы етіп сайлауы жайдан-жай емес. Бұл да Әбілқайырдың жоғары деңгейде жеке қасиеттерін халықтың мойындауының көрінісі еді.

Әбілқайыр хан қазақ әскерінің жоғарғы бас қолбасшысы ретінде қазақ әскерінің қарулы күштерін құруда және халықты жауға қарсы тойтарысты жұмылдыруда көптеген іс-әрекеттер жүргізді. Қазақ әскерінің сарбаздары бірінен кейін бір ұлы жеңістерге жетті.

Соның ішінде қазақ-жоңғар шайқасы қазақ қоғамының дамуына теріс әсер тигізді. Енді бейбіт дәуірге де қол жеткізерміз деген ой қоғамда белең ала бастаған еді. Күтпеген, ойламаған жерден үлкен хан Болат қайтыс болады. Босаған таққа үміткерлер арасында талас-тартыс басталды. Ғасырдан ғасырға келе жатқан әдет-ғұрыпқа лайық үлкен ханы болып тек сұлтандар әулетінің үлкен бұтағының өкілдері сайлана алатын. Осы қағидаға сәйкес, Болат ханның ұлы Әбілмәмбет хан болып сайланды. Ал Әбілқайыр хан сұлтандар әулетінің кіші бұтағынан тарағандықтан, оған көп көңіл бөлінбеді. Осыған жәбірленген ол, бас қолбасшылық қызметінен бас тартады да, өзінің әскери жасағымен Кіші жүзге оралады. Осылайша, үлкен еңбекпен және күшпен жиналған қазақ әскерінің бірлескен халық сарбаздар жасағы ыдырайды.

Енді әр жүз өз алдына жаудан қорғану мәселесін шешуге мәжбүрлі болды. Ұлы жүз жоңғарларға бағынды, оларға аманат берді, алым-салық төледі. Жоңғар шапқыншылығына бәрінен аз шалынған Орта жүз азаттық үшін күресін жалғастыруға дайын еді. Ал Кіші жүз жағдайы әлде қайда басқаша суреттеледі. Кіші жүз халқы жан-жағынан қаптаған жаулар қысымында болды. Жоңғарлардың, Хиуа хандығының, Түрікмендердің, Еділ қалмақтарының, Жайық казактарының, Башқұрттардың ұдайы шабуылынан Кіші жүз халқы үрейлі кемтарлықты көріп төзді.

Осы фактілерге сол дәуірдегі қазақ халқының Кіші жүз басында әлеуметтік-саяси билікті жүзеге асырушы тұлға Әбілқайыр хан куә болды. Ол қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайының қиын сәттерін шешуде саяси жолдарды қарастырды. Әбілқайыр хан осы кездегі қуатты империяның бірі –Ресейге өзінің назарын аударды.

Ресей бодандығына кіру оған, жоңғар империясының әскери және саяси үстемдігін жеңудің бірден-бір жолы болып көрінді әрі қазақ қоғамының бірыңғай біртұтас мемлекетін құруға жол ашылады деп топшылайды. Осыларды жүзеге асыру мақсатында Әбілқайыр хан тарихи ауыртпалықты және жауаптылықты өз мойнына алды.

Қазақ жұртының Әбілқайырдың осы саяси-құқықтық шешімін дұрыс бағаламағаны жанға жайсыз құбылыс. Әбілқайырдың ел дегенде еміреніп қызмет еткені, оның қазақ халқының болашағы үшін жан таласқаны көңілге алынбады. Әбілқайыр – қазақ халқының басына түскен апаттан қалай құтқару керек, көрші елдермен қандай дипломатиялық қағидалар негізінде қатынас жасау керектігі, елді басқару, қазақтың басын біріктіріп біртұтас мемлекеттілікті құруды ойлаған тұлға. Бір сөзбен айтқанда, ел тағдыры таразы басына түскен тұста, елдің басында болған. Оның Кіші жүздің басында болған әлеуметтік қызметке араласқан кезі – қазақ елінің тәуелсіздігіне қауіп-қатер төнген, өзінің дербес елдігі мен еркіндігін сақтап қалу үшін қазақ халқы жасақ құрып жауға қарсы қарулы күрес жүргізген аса ауыр жылдар еді.

Сөйтіп, 1730 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресей мемлекетіне қазақ елін қамқорлыққа алу термині ретінде «бодандыққа» алу туралы өтініш білдірді [2, 47-48 бб.]. Қамқорлық – ірі мемлекеттің кіші халыққа көрсеткен ағалық мейірімдігі сияқты. Осыған сәйкес қазақ халқының дарынды тарихшысы Е. Бекмаханов «қазақ елінің Ресейге бағыныштылығын ағаның ініге қамқорлығы іспеттес дей келе, Ресей патшасы Анна Иоанновнаның іргетасында (подданство) бодан болу деген термин қолданылған. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде бұл сөздің мағынасы қазіргіден бөлек. Ол кезде «подданство» деген сөзді қамқорлық деп түсінген, яғни бұл сөзді өзіне қаратып алу немесе отарлау деп түсінбеу керек», – деп жазған [3, 107 б., 122-129 бб.]. Осыдан Әбілқайырдың бодандықтың құлдықтан айыра білгендігінен қазақ халқын өзге мемлекетке басыбайлы құлы қылып бермеген. Хан орыс құжаттарында өзін «құл» деп атауына қарсы тұрды.

Бодандық сөзі сол кездегі қалыптасқан ұғым бойынша, кез келген екі елдің арасындағы одақтастық шартта әлсіздеуі күшті мемлекетке кіруі. Бодандықты нақты бағыныштылық деп

есептемеген. Бодандықтың мәнін Әбілқайыр шығыс дәстүрінде түсінді. Ресейді бүгін «сюзерен» ретінде танығанымен, күш жинап, ес жиып алғаннан кейін одан бас тартуға болады деп ойлады.

Ханның ой-пайымдары орыс патшаға жазған хаттарынан анық байқалады.

Біз білетін мәлімет бойынша, Әбілқайырды Хиуа хандығы, Ташкент, Түркістан билеушілері өз көсемі ретінде танитынын хабарлап, оларды орыс бодандығын қабылдайтынын хат жолдарына қоса жазған. Әрине, мұның бәрі – Кіші жүз ханының дипломатиялық шеберлігі [4, 45 б.].

Жалпы алғанда, Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресейге бас иуінде өзінің мансапқұмарлық мүддесін көздегенін де айта кету керек. Бас билікке таласқан Жәдік әулетінен тараған шынғысзадалардан қалмауды көздеген ол жеке мүддесімен бірге халықты апаттан сақтауды да ойлады.

Жан-жақтан қаумалаған жаулардың ортасында қалған Кіші жүз ханы Әбілқайыр бір орталыққа бағынатын қазақ хандығын қалпына келтіруді, ол үшін әуелі орыс бодандары – башқұрт халқының, Еділ қалмақтарының, Жайық орыс-казактарының шапқыншылықтарын тоқтату мақсатында Ресейден әскери көмек алуды көздеді. Сонда барып қазақ халқының басы бірігіп, орда тігер деп үміттенді.

Тарих арнасынан байқағанымыздай, Қазақстан – Ресей халық арасындағы саяси дипломатиялық қарым-қатынастарының тамыры терең, олар қарқындылық сипатқа ие және оның мемлекетаралық қатынастарының шарттық-құқықтық базасы бар. Ол – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың 1731 жылы Ресей империясымен жасасқан тарихи-құқықтық маңызды құжат. Бұл Қазақстан мен Ресей әріптестігінің қарқынды өрбуінің бұлақ көзіне айналды.

Қазіргі таңда көптеген ғылыми еңбектерде Ресей халқы Қазақстанды өзінің басты одақтасы әрі іскер әріптесі ретінде бағалайтынын байқаймыз. Әрине, бұл тұсты «Әбілқайыр ханның саяси дипломатиялық кеменгерлігінің нәтижесі», – деп айтуға да болатын шығар?!

Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап-ақ ежелгі көршіміз Ресей елімен тығыз дипломатиялық қарым-қатынасты үзбей жалғастыру жолындамыз. Бір айта кетерлігі, сол тарих арнасында мәңгі ізін қалдырған құқықтық құжатқа қол қойылғалы бері саяси-

экономикалық бағыттағы жобаларды жүзеге асыруда Қазақстан мен Ресей тонның ішкі бауындай бір-бірімен тығыз саяси-дипломатиялық байланыста жұмыс істеп келеді.

Егер де сол құжаттан үзінді алсақ, 1730 жылы 8 қыркүйекте Кіші жүз ханы Әбілқайырдың императрица Анна Иоанновнаға жіберген хатында: «...Мы, Абулхайр-хан, с подвластным ... многочисленным казахским народом Среднего и Малого жузов ... все вместе с простым народом желаем Вашего покровительства...» [5, 263 б.].

Бұл хат үзіндісі, Қазақстанның Ресей елімен қосылуының құқықтық бастамасы болып, іргетасының қалануына түрткі болды. Қазақ халқының өзара ішкі алауыздықтан және бірінші кезекте жауларға қарсы тұруда ең дұрыс шешімі осы. Оны бағаласақ, Әбілқайыр өзін көрікті мемлекет қайраткері ретінде танытты.

Орыс бодандығына қол жеткізу мақсатында Әбілқайыр өзге де өзіндік мақсаттарды көздеген. Ол Ресей империясына арқа сүйеп өзінің хандық билігін нығайтып алу, оны мұрагерлік жолмен қалдыру және орыс патшасы беделді рубасыларына әсер ету арқылы ханның қолына жығып береді, сөйтіп хан билігі үстемдігін артта түседі деп ойлады. Ол Ресей бодандығын қабылдаған жағдайда оның көзі тірісінде онымен бірге хандық билік орнына ешкім сайысқа түспейді. Оның үміті, орыс патшасы оны бүкіл қазақ халқының бас ханы етеді. Кіші жүз ханының осыған сәйкес талпыныстары оның Тевкелев мырзамен жүздескен жазбаларында бейнеленген.

Қазақстанның Ресейге қосылу процесі 1731 жылы Кіші жүз, XVIII ғасырдың 40-шы жылдары Орта жүз, және Ұлы жүз XIX ғасырдың 40-шы жылдарында жүргізілді.

Енді осы, Кіші жүзді Ресейге қосу жөніндегі 1731 жылғы Актінің құқықтық маңыздылығын ашу мақсатында бір-екі сөзбен ойымызды түйіндесек. Жалпы, қазақ халқы ұзақ ғұмыр бойы көрші елдермен көз жұмбай қан майдан алаңында шайқасқаны мәлім. Әсіресе жоңғар, башқұрт халықтарымен шайқаста қазақ халқы маужырап қалды. Қытайлықтардан талқандалған жоңғарлардың шабуылдары кейіннен барып тоқтатылды. Олай болса, 1731 жылғы Актінің құқықтық маңыздылығы мынада – жоңғарлармен қоса, Еділ бойы қалмақтарға, Жайық казактарға, башқұрттарға орыс өкіметінің тарапымен арнайы елшіліктер арқылы қазақ

халқына шапқыншылық жасауға тиым салынды. Елшілік қазақ халқы орыс бодандығында деп қорғады. Сөзімізді дәлелдеу үшін, мысал ретінде Бөкенбай батырдың сөзін қолдансақ, «Теперь киргиз-кайсацкая орда в такой защите – ни с какой стороны им опасности нет и живут во всяком покое, как в пазухе.» Бұндай мысалға тағы алдыңғы тақырыптардың бірінде жазылып кеткен Бопай ханымшаның және өзге де қазақ қоғам қайраткерлерінің сөздерін алсақ болады.

Қазақстанның Ресей еліне қосылу жолының маңыздылығы көп жылдар бойы әр түрлі көзқараспен сараланып келуде. Яғни, бұл мәселе өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Заман өткен сайын да, бұл тарихи құндылығы теңсіз 1731 жылғы Актінің құқықтық маңыздылығы байқалады. Страны-соседи начали выстраивать свои юридические отношения более двух с половиной веков назад, когда русская императрица Анна Иоанновна 19 февраля 1731 года подписала грамоту хану Абулхаиру о принятии Младшего жуза в подданство России” [6, 22 б.].

Кіші жүз ханы Әбілқайыр өз қатарындағы өзге хандар секілді билікке араласып, ел ішіндегі дауларға төрелік айтқан тұлғалардың бірі. Әбілқайыр қазақ қоғамы үшін маңызы өте жоғары болған қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында жүрген. Ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ халқының болашағы үшін, сол елдің жан-жағынан анталаған жауларға жем болмай дербес, айбарлы мемлекетке айналуына көп еңбек сіңірген.

Әбілқайыр ханның дауды шешкен сөз-жолдары, нұсқаулары, бұйрықтарына тоқталатын болсақ, қазақ әдет-ғұрып заңдарының нормаларына сай «хандар төрелік еткен» – дейді, бірақ-та бұл сөз төркіні менің ойымша, жалпылама түрде айтылған сияқты. Хандардың көпшілік бөлігі төрелік еткен болар, бірақ, хандар қатарында төреліктен көрі мемлекетаралық қатынастарды шешу жолында қызмет жасасқан жандар да бар ғой. Мысалы, Әбілқайырдың төрелік қызметіне карағанда, жау шапқыншылығында әскери күш-қуаттылығын көрсеткені, дипломатиялық қарым-қатынастарды реттегені көбірек тарих бетінде қалған. Міне, осы аталмыш екі салада ол белсенді қызмет еткен.

Әбілқайыр бейнесінің төрелік еткен сөз жолдарын, бұйрық-шешімдерін ғылыми орта назарына салатын болсақ, осы тұста, Әбілқайырдың бұйрық-шешімдері оның мемлекетаралық

қарым-қатынастарды реттегенінен көруге болады. Мысалы, Әбілқайырдың көрші елдермен аянбай күресуінің бірден-бір себебі, ол жер-су мәселесі. Осы ретте, оның қалмақ хандығымен Жайыққа таласуын қоймаған ханның мынандай бұйрық сөз жолдары бар: «Жайық өзені үшін қазақ халқы күресуін тоқтатпайды. Себебі, қазақ халқы мұндай жайлы жерді еш жерден таппайды» [4, 366 б.]. Шын мәнінде, Жайық өзенінің жағалауындағы жайылымдар тұрмысқа өте қолайлы еді.

Әбілқайырдың басты негізгі шешімдерінің біріне, жоғарыда атап кеткендей, оның орыс бодандығын қабылдау шешімін айтуға болады. Немесе бұған ұқсас тату-достастық келісіміне келу шешімдері. Яғни, байқап отырғанымыздай Әбілқайыр ханның дауды шешкен сөз-жолдары, шешімдері, нұсқау-бұйрықтары мемлекетаралық қатынастарымен байланысады.

Жалпы, Әбілқайыр ханның қазақ қоғамының тағдырына қалдырған ізі – біріншіден, қоршаған ортасы анталапқан жау арасында өзінің жеке әскери қолбасшылық шеберлігі мен дипломатиялық келіссөздерді жүргізуде өзіне тиімді пайдалана білген мемлекет қайраткері ретіндегі қызметі. Екіншіден, Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдаудағы алғашқы қадам жасасқан тұлғаның бірі ретінде қызметі сипатталады.

Әбілқайыр хан тек әскер өнерін жетік меңгерген қолбасшы ғана емес, сонымен қоса тамаша саясатшы болғанына көзіміз жетті. Мәмілегерлік өнерді жақсы игерген ол, көрші елдермен қарым-қатынасты келіссөзбен шешуге тырысқан. Бұл, оның саясатшылдығын ерекше даралайды.

Әбіқайыр хан – өз елінің тарихында дипломатиялық келіссөздерді жүргізу мен тиімді пайдалану қасиеттерімен және осы салада ерекше ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген біртуар тұлғалар. Әскери дарындығы мен шеберлігі арқасында, әрі шайқастарда ер жүректілігін көрсете білген ол халық арасында үлкен атаққа ие болды.

Жау қоршауында қалған, тыныш өмірін бұзған шабуылдардан орыс империясының бодандығын қабылдау шешімі арқылы мемлекеттілікті сақтай алатынын Әбілқайыр түсінді. Бұл оның озық дипломат екендігін дәлелдейтін бір тұсы. Ресей бодандығын Әбілқайыр қорғаушы пана деп көрді. Кейінгі тарихи оқиғаларға қарасақ, қазақ халқының тыныш өмірі

қалпына келе бастады. Біріншіден, қан майдан алаңында күш сынасу азая бастады. Оның орнына дипломатиялық келіссөздер жүргізу көрінісі

жиелетті. Сауда-саттық керуендері дамыды. Бұл айтылған жайлардың бәріне сол заманда жазылып тарихта қалған хаттар куә.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих тағылымдары және қазіргі заман. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
2. Шойынбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. – Алма-Ата: Қазақстан, 1982. – 279 с.
3. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. – М.: АН СССР, 1957. – 341 с.
4. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: АНҚазССР, 1961. – 739 с.
5. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 633 с.
6. Граница доверия и дружбы. – Подготовлено Посольством Республики Казахстан в Российской Федерации. – Москва: Альфа-дизайн, 2005. – 31 с.

References

1. Nazarbayev N.A. Tarikh tagylymdary zhane kazirgi zaman. – Almaty, Kazakhstan, 1997 - 128 p.
2. Shoyynbaev T.J. Dobrovolnoe vkhozhdnie kazakhskikh zemel v sostav Russii. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1982. – 279 p.
3. Bekmakhanov E.B. Prisoedinenie Kazakhstana k Russii. – M.: AN SSSR, 1957. – 341 p.
4. Kazakh-Russian relations in the XVI-XVIII centuries: the collection of documents and materials – Alma-Ata, ANKaz SSR, 1961 - 739 p.
5. Tolybekov S.E. Kochevoe obshchestvo kazakhov v XVII – nachale XX veka. – Alma-Ata: Nauka, 1971. – 633 p.
6. Granitsa doveria i druzhby. – Podgotovleno Posolstvom Respubliki Kazakhstan v Russiyskoi Federatsii. – Moscow: Alpha Design, 2005. – 31 p.